

**Қазақстан республикасының Өнеркәсіп министрлігі туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 13 тамыз 1992 ж. N 675. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.14. N 826 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзім ішінде министрліктің орталық аппараты қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің жылдық қорын бекіту үшін басқару аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 13 тамыздағы  
N 675 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп  
министрлігі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ ҚСР-інде мемлекеттік басқару органдарын қайта құру туралы" 1990 жылғы 20 желтоқсандағы Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі (бұдан әрі текст бойынша-Министрлік) республика өнеркәсібінің қызметін ретке келтіру мен дамыту саясатын жүргізуші мемлекеттік басқару органы болып табылады, өз жұмысында Қазақстан Республикасының заң актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің шешімдерін, осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

2. Министрлік Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігінің жүйесіне кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық дербестігінің негізінде халық шаруашылығы мен халықтың өнеркәсіп өнімі мен халық тұтынатын тауарларға деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатымен Қазақстан Республикасының машина жасау, қорғаныс, кен-металлургия және химия кешендерінің, орман және ағаш өңдеу, жеңіл және жергілікті өнеркәсіп қызметін мемлекеттік басқару мен үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Министрлік Инвестициялық қор, бюджеттен тыс және басқа да арнаулы қорлар есебінен өнеркәсіптің базалық салаларын қаржы жағынан қолдау жөнінде ұсыныстар қалыптастырып, жасауды жүзеге асырады.

4. Министрліктің негізгі міндеттері:

тиісті мемлекеттік басқару органдарымен бірлесе отырып, монополияға қарсы саясат жүргізу, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өнеркәсіптегі мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шаралар жиынтығы мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;

халық шаруашылығы мен халықтың өнеркәсіп өніміне және халық тұтынатын тауарларға деген қажеттілігін болжау негізінде өнеркәсіп салаларын, сондай-ақ республиканың қоғамдық өндірісінде қажетті құрылымдық бөлімшелерді дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік басым бағдарламаларын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып, арнаулы техника шығарудың немесе қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарында бәсекеге төтеп беретін өнім шығару үшін өндірісті конверсиялаудың б а ғ д а р л а м а л а р ы н ж а с а у ;

салалық нормативтік актілер мен стандарттардың, ережелер мен нұсқаулардың, техникалық шарттардың жаңаларын және қолданылып

ж ү р г е н д е р і н

жетілдірудің жобаларын әзірлеу және оларды белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік құрылымдарға тіркеуге немесе бекітуге ұсыну, меншіктің түрлеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының территориясындағы өнеркәсіптің акционерлік қоғамдары мен бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының өндірістік-шаруашылық қызметінің ұтымды да тиімді болуын қамтамасыз ететін заң шығару және заңға негізделген актілерін әзірлеуге қатысу;  
өнеркәсіп салаларында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат пен өндіріс қуаттарының даму ауқымы мен тепе-теңдігін қалыптастыру және іске асыру болып табылады.

## II. Өнеркәсіп министрлігінің қызметі мен функциялары

5. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

мемлекеттік өнеркәсіп кәсіпорындары мен бірлестіктерінің, ұйымдары мен басқа да құрылымдық қызметінің мәселелері жөніндегі тұжырымдарды, жарғыларды, ережелерді, басқа да нормативтік құжаттарды белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

мемлекеттік өнеркәсіп бірлестіктеріне, концерндеріне, кәсіпорындар мен ұйымдарға меншіктің әр алуан нысандарына негізделген нарықтық инфрақұрылымдар қалыптастыруда әдістемелік, ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

өнеркәсіпте стратегиялық міндеттерді шешу үшін жұмсалатын қаржы мен валюта қаражатының қажеттілігін негіздейді, арнаулы қорлар жинайды, ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасының бюджетін қалыптастыруға қатысады;

Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен және Материалдық ресурстар министрлігімен бірлесе отырып, өнеркәсіп өнімі мен халық тұтынатын тауарларды шығаруға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға қатысады және оның орындалу барысын бақылап отырады;

республика кәсіпорындарының шарттық қарым-қатынастар мен контрактілер негізінде мемлекеттік тапсырыстан тыс экспортқа жөнелтетін өнеркәсіп өнімдері мен халық тұтынатын тауарларына квота қоюды жүзеге асырады;

кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекетаралық сыртқы экономикалық байланыстарын дамытуына ықпал етеді, үкіметтің тапсыруы бойынша салааралық және мемлекетаралық келісімдер мен шарттарды әзірлеп, жасайды; экспорттық, бәсекеге төтеп беретін өнімдер мен тауарларды көбейтуге

бағытталған өнеркәсіп салаларын дамытудың мемлекеттік басым бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

министрліктің, корпорациялар мен концерндердің, қауымдастықтардың және республиканың өнеркәсіп кешеніне кіретін басқа да бірлестіктердің ақпаратпен қамтамасыз ету жүйелерін құруға, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен органдардың, шетелдермен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың жұмысына қатысады; белгіленген тәртіп бойынша кәсіпкерлер қызметіне мемлекеттік қолдауды

жүзеге асырады;

тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, өнеркәсіп кешенін монополия үстемдігінен арылту жөніндегі шараларды белгілейді жүзеге асырады;

нарықтық қатынастар жағдайында республиканың өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының, бірлестіктері мен ұйымдарының экономикалық және әлеуметтік

жағынан қорғауды қамтамасыз етеді;

өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың айрықша кезде де олардың өндірісін жұмылдыруға әзірлік жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

### III. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің хұқықтары

6. Министрліктің алдына қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларына сәйкес:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, белгіленген тәртіппен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге қатысуға;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, өнеркәсіп салаларын дамытудың мемлекеттік басым бағдарламаларын қаржымен және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге қатысып  
о т ы р у ғ а ;

бюджеттен тыс және арнаулы қорлардың қаражатын Министрліктің осы Ережеде көзделген негізгі міндеттерінің іске асырылуына пайдалануға;

мемлекеттік басым бағдарламаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің жеңілдетілген несиелерін бөлуге қатысуға; корпорациялардың, концерндердің, қауымдастықтардың және Қазақстан

Республикасының өнеркәсіп кешеніне кіретін басқа да бірлестіктердің оларға берілген мемлекеттік басқару органдарының хұқықтары мен функцияларын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

Мемэкономкоммен және Материалдық ресурстар министрлігімен, сондай-ақ республиканың басқа да ведомстволарымен бірлесе отырып, Қазақстанның басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы туралы келісімдер мен шарттарды әзірлеуге қ а т ы с у ғ а ;

республиканың өнеркәсіп кешені корпорацияларының, концерндерінің, бірлестіктері мен кәсіпорындарының басшы кадрларының резервін орналастыру, даярлау мәселелерін белгіленген тәртіппен шешуге;

өз құзыры шегінде нормативтік құжаттарды басып шығаруға, корпорациялар, концерндер, қауымдастықтар, кәсіпорындар және өнеркәсіп кешенінің басқа да бірлестіктері үшін міндетті Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің шешімдерін орындау үшін қаулылар қабылдауға; олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

Министрлікке жүктелген міндеттерді орындау үшін корпорациялардан, концерндерден, қауымдастықтардан, кәсіпорындардан және басқа да бірлестіктерден өнеркәсіп кешені қызметінің мәселелері жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептелікте көзделмеген қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді сұратып алуға;

өз құзырының шегінде мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құру, қайта құру, тарату жөніндегі мәселелерді белгіленген т ә р т і п п е н ш е ш у г е ;

республиканың өнеркәсіп кешенінде баға мен салық саясатын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге және оларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан өзіне берілген хұқыққа сәйкес өнеркәсіп кешеніне кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін иеленуге, пайдалануға және басқаруға;

көп салалы, трансұлттық және республикааралық холдингтерді қалыптастыру

жөніндегі ұсыныстар енгізуге, нормативтік актілерге сәйкес олардағы мемлекеттік акциялардың пакетін ұстаушы болуға хұқы бар.

#### IV. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігінің басшы органдары

7. Министрлікті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалып, бекітілетін Министр басқарады.

Министрдің өз ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын орынбасарлары болады.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрі:

Министрліктің қызметін басқарады;

Министрлікке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жеке

өзі жауапты болады;

өз орынбасарлары мен Министрліктің бөлімшелері басшыларының арасында міндеттерді бөледі;

Министрліктің бөлімшелері туралы Ережені, белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде орталық аппараттың құрылымы мен штатын б е к і т е д і ;

Министрлікке жұмысқа қабылдайды және аппарат қызметкерлерін жұмыстан б о с а т а д ы ;

Министрлік бюджетінің пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Министрліктің мүлкіне иелік е т е д і ;

Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың құрылымына өз г е р і с т е р е н г і з е д і ;

Мемлекеттік корпорациялардың, концерндердің, қауымдастықтардың, бірлестіктер мен басқа да мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшыларын шарттық негізде лауазымдық орынға бекітеді және жұмыстан босатады.

9. Министрлікте құрамында Министр (алқаның төрағасы) лауазымы жөнінен Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өнеркәсібі салаларының басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Министрліктің алқа құрамы мен алқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті б е к і т е д і .

Алқа Министрліктің құзыры шегінде өнеркәсіп салаларының жұмыс атқаруындағы аса маңызды мәселелерді қарап отырады.

10. Министрліктің құрамында шаруашылық есеп принциптері негізінде іс-қимыл жасаушы корпорациялардың, концерндердің, қауымдастықтар мен басқа да құрылымдардың өкілдіктері құрылады.

11. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі заңды ұйым болып табылады, банкте есеп айырысу, бюджеттік және валюталық шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК